

Тексерілді: МЖ -

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қараша айы 2022жыл 1 апта

Мектепке дейінгі ұйым: «_____» балабақшасы
«_____»:Топ

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 31.10.2022	Сейсенбі 01.11.2022	Сәрсенбі 02.11.2022	Бейсенбі 03.11.2022	Жұма 04.11.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды жайдары көңіл-күймен қарсы алу. «Көңіл-күйінді көрсет» ойын жаттығуын ойнату Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарға қатысуға ынталандыруды ұйымдастыру (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналарға балалардың кітапқа қызығушылығын арттыру тақырыбында кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Әлеметтік ,эмоционалды зияткерлік қабылетін дамыту үшін балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр) аударуды үйрету. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (мозайка, пазл) қуыршақтар, шағын көлік түрлерімен ойындар. Өнер орталығында сурет салу, бояту, суретті кітапшаларды бояу, қарату. Құрастырмалы ойыншықтарды құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Сөрелерге ойыншықтарды жинау. Балалармен жеке жұмыс.				
Таңертенгі жаттығу	Қараша айына арналған таңертенгі жаттығулар кешені бойынша жатығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білуді жетілдіру.Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды пысықтау				
Ұйымдастырылған іс-	Шаттық шеңбер.				

<p>әрекетке дайындық</p>	<p>Балалардың зейінін әдемі, мейірімді, жақсы көңіл-күймен өзіме аударып, бүгінгі күн сендерге қуаныш пен көптеген жаңа қызықты әсерлер әкелген деп «Көңілді-күн» әнін айтқызу. «Менің кітабым» тақырыбында балалармен әңгімелесу. Үйден алып келген кітаптарын қарау. Балаларға әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау мүмкіндігін беру, ережелер туралы келісу және т. б. жағдайларды жасау (сөйлеуді дамыту)</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</p>	<p>Қазақ тілі Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау:бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге баулу</p>	<p>Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> тура, шеңбер бойымен тапсырмаларды орындай отырып жүру; құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру; Бірінің артынан бірі сапқа тұру <u>Қимылды ойын:</u> Сақина жасыру</p>	<p>Музыка "Жомарт түлкі". Мақсат-міндеттері. Балалардың әуенге деген ықыласын арттыру; әнді тыңдауда сөздік мазмұнын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық жетекшіге ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; тыныс алу жаттығуларын орындау кезінде дұрыс тыныс алу дағдысына үйрету; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауды үйрету; музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыру; жомарт күз туралы ұғым беру. Балалардың әнді тыңдауда сөздік мазмұнын түсіне білу қабілеті мен музыка</p>	<p>Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> тура, шеңбер бойымен тапсырмаларды орындай отырып жүру; 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір- біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату; Бірінің артынан бірі сапқа тұру <u>Қимылды ойын:</u> Қуыр-қуыр қуырмаш. <u>Спорттық жаттығулар:</u> Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу. Спорт залда</p>	<p>Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> тура, шеңбер бойымен тапсырмаларды орындай отырып жүру; 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір- біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату; құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру <u>Қимылды ойын:</u> Шыбыққа қалпақ кигізу</p>

		жетекшісіне ілесе ән айту қабілетін дамыту. "Жомарт түлкі" ойыны. Мақсат-міндеттері. Бірлесіп ойын ойнауды үйрету, қимыл шапшаңдығын дамыту.		
Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдауды жетілдіру. Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту жаттуғыларын жасату (Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	Кітаптан «Шалқан» ертегісін оқып беру. Ертегі желісі бойынша сұрақтар қою. Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айтуын үйрету (Сөйлеуді дамыту) Шалқанның суретін салдырту. Балалардың таңдау бойынша қарындаш немесе қылқаламмен жұмысын жасату. Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. (Сурет салу) Ермек саз кесектерін алақандарының	Балаларды геометриялық фигура үшбұрышпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру. Топтағы заттардан фигураларға ұқсас келетіндерін табу. Кітаптардан сондай пішін барма қарап, тапқызу. (Математика негіздері) Үшбұрыш фигурасын пайдаланып әр түрлі құрылымдарды ойдан шығарып құрастырту. (Құрастыру)	Кітаптарға қызығушылықты ояту. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, Балаларға бір бірден қораптан зат алдырту. Алмай жатып ол не екенін сипап сезу арқылы тапқызу. (Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелерді, кірпіштерді ажырата	Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды үйрету. (Сөйлеуді дамыту «Ұсқынсыз үйрек» ертегісін кітаптан оқып беру. Кейіпкерлердің іс әрекетін сипаттауды үйрету. (көркем әдебиет) Үйректі ермексаздан жасату. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. (Мүсіндеу)

		<p>арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы шалқанды мүсіндету</p> <p>(Мүсіндеу) Дайын шалқанды ертегі желісі бейнеленген суретке орнын тауып жапсырту. (Жапсыру)</p>		білуге үйрету. (Құрастыру)	
Серуенге дайындық	<p>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.</p>				
Серуен	<p>Аула тазалаушысымен сұхбат. Еңбек иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық танытуды дамыту. (Қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Бормен жерде әр түрлі пішіндегі кітаптар, ыдыс-аяқ,</p>	<p>Балабақша ауласынан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, салыстыруды жасату. (Математика негіздері)</p> <p>Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру. Әр түрлі</p>	<p>Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру</p> <p>Ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Ұшып өткен самолетті, құстарды бақылату. (Қоршаған ортамен</p>	<p>Ауа райын бақылату. Желдің бағытын анықтату. Желге қарсы және желдің бағытымен жүгіруді жасату. (қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Балабақша ауласынан әр түрлі заттарды тауып заттарды жұбымен өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа,</p>	<p>Құстарды бақылату. Аққу мен үйректің және басқа да құстардың ортақ белгілері туралы әңгімелесу. (Қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Ұлттық бұрышқа бару. Әдемі кілемдер мен көрпешелерге назар аударту. Мольбертте салып көруді ұсыну.</p>

	<p>ойыншықтар, жануарлар және заттарды таңдауы бойынша бейнелеуге баулу (Сурет салу)</p> <p>Қимылды ойын: «Өз үйіңді жылдам тап»</p> <p>Балалардың қалуы бойынша еркін ойындар</p>	<p>ғимараттар құрастыруды үйрету. (Құрастыру)</p> <p>Қимылды, еркін ойындар Спорттық жаттығулар: Спорт залда үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебуді үйрету.</p>	<p>таныстыру)</p> <p>Көрген заттарының бейнесін ағашпен құмда немесе ауада салып көруді ұйымдастыру. (Сурет салу)</p> <p>Қимылды ойын: «Күміс алу»</p>	<p>артық-кем) салыстыруды үйрету (Математика негіздері)</p> <p>Қ/о «Тырналар»</p> <p>Спорттық жаттығулар: Спорт залда үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебуді үйретуді жалғастыру</p>	<p>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. (Сурет салу)</p>
Серуеннен оралу	<p>Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес ойын әрекеті).</p>				
Түскі ас	<p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоюын қалыптастыру. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</p>				
Күндізгі ұйқы	<p>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</p> <p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. Ертегілердің мазмұнын түсінуге дағдыландыру. Электронды құрылғылардан ертегі тыңдату. (көркем әдебиет)</p>				

<p>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</p>	<p>Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).</p>				
<p>Бесін ас</p>	<p>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</p>				
<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Кітаптардан дене мүшелері бейнеленген суреттер қарату. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды қолдарын үстелдің үстіне және астына қойып ойнату. (Математика негіздері)</p> <p>Балаларды орталықтарға бөліп, шығармашылық жұмыстарын жасату. Кітаптың мүсінін ермексаздан жасату (Мүсіндеу)</p> <p>Балалардың жапсыруға</p>	<p>«Шалқан» ертегісін қайталап оқып беру, балалардың кітаптағы суреттерге қарап қайталап айтуын үйрету. (Көркем әдебиет)</p> <p>Балалардың көздерін байлап, қолдарына бір зат беру. Заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру (Қоршаған ортамен таныстыру)</p>	<p>Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. Өзара ойындарда сұрақтар қоюды. Кітаптар қарауды дамыту. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Ұжымдық жұмыс. Жылы жаққа ұшып бара жатқан құстарды бір біреуден реттілікпен жапсырту. (Жапсыру)</p> <p>ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһазды таңдауы бойынша</p>	<p>Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білуді үйрету. Кітаптарға қарап әр түрлі кейіпкердің (бауырсақ) бейнесін салу, мүсінін жасауды және жапсыруды үйрету. (Сурет салу) (Мүсіндеу) (Жапсыру)</p>	<p>Кілемшені сәндеу. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасауды, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыруды үйрету. (Жапсыру)</p> <p>Ұсқынсыз үйрекке ұя жасау. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу. (Құрастыру)</p>

	қызығушылығын арттыру. Кітап бетіне дайын пішіндерді жапсырып сәндеуді үйрету. (Жапсыру)		ерекше белгілерін бере отырып ермексаздан мүсіндету. (Мүсіндеу)		
Балалармен жеке жұмыс	Аслы, Дария, Мариям, Балжанмен дүкен ойынын ойнауын ұйымдастыр мен жемістердің бірнеше түрлерін сыртқы түрі және дәмі бойынша дұрыс таңдау және ажыратуды үйрету	Музыка сипатына сәйкес қозғалуды Айсезім, Әмина, Мариямға үйрету	Спорттық жаттығуларды орындаудың алғашқы техникасы туралы Мариямға түсініктер беру	Отбасы мүшелері мен өзіне жақын адамдарының есімдерін атауды үйрету. Менің отбасым тақырыбында Дияр, Рамазан Марияммен әңгімелесу	Тақырыптарға байланысты сұрақтарға 12 сөзден тұратын сөйлемдермен жауап беруге үйрету. Балаларға суретті кітаптарды беріп өз қалауы бойынша ертегі айтып беруін Сұлтан, Алиайдар, Марияммен ұйымдастыру.
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесуді тәрбиелеу. өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын дамыту. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Еркін табиғи қалдық материалдардан құрылымдар құрастырту. (Құрастыру) Қ/о «Кім жылдам?»	көңілді музыкаға, еркін би қимылдарын жасату арқылы көңіл күйлерін көтеру (музыка) Қ/о «Тырнарлар»	Қ/о «Поезд» «Жасырылған затты тап сипатта» тапсырмаларын орындату	Қ/о «Кім жылдам?» Желдің қай жақтан соғып тұрғанын бақылауын ұйымдастыру	Далаға шығып сәлден соң қарңғы болатынын айту. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды дамыту: күндіз-түнде,

	Кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекеттер жасауға үйрету				таңертең-кешке. (Математика негіздері) Қ/о «Тырнарлар» Өсімдіктерге жасаған күтім нәтижесін көрсету, байқағыштығын қалыптастыру
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен баланың балабақшадағы кітаптары туралы әңгімелесу. Жаттаған тақпақтарын үйде сұрауын тапсыру. Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру				

Циклограмманы толтырған тәрбиеші: _____

Тексерілген күні: 28.10.2022

Циклограмманы тексерген әдіскер: _____

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Тексерілді: МЖ-

Қараша айы 2022 жыл 2 апта

Мектепке дейінгі ұйым: «_____» балабақшасы
«_____»:Топ

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 07.11.2022	Сейсенбі 08.11.2022	Сәрсенбі 09.11.2022	Бейсенбі 10.11.2022	Жұма 11.11.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, тазалығы және денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті пазлдармен ойын, Дидактикалық ойын «Танып ал да, атын ата», «Суреттерді орналастыру», «Дауысынан таны», «Бұл кімнің дауысы?» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояту, Қарапайым құрылыстар құрастыру, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру. Балармен жеке жұмыс. Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету.Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.				
Таңертенгі жаттығу	Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) . Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; сақ болуға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктерді беру.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-	Таңғы жиын.				

<p>әрекетке дайындық</p>	<p>«Бала бала балақан» видео Балалардың қандай ойындар ойнағысы келетінін айтып бөлісуіне жағдай жасау. «Тазалық денсаулық кепілі», «Тазалық деген не?», «Денсаулық деген не?» тақырыбында әңгімелесу негізінде балалардың қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату жасату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</p>	<p>Қазақ тілі Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту жатығуларын жасату</p>	<p>Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> шеңбер бойымен тапсырмаларды орындай отырып жүру, арқан бойымен жүру; әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен жүгіру; 15-20 сантиметр биіктіктен секіру; Бірінің артынан бірі сапқа тұру <u>Қимылды ойын:</u> Өз түсіңді тап.</p>	<p>Музыка "Көңілді машина". Мақсат-міндеттері. Балалардың әнді орындау кезінде дұрыс тыныс алу дағдысын дамыту; музыка әуенімен бірге би қимылдарын және адымдау жаттығуларын үйлесімді орындауды үйрету; музыкалық аспапта (бубен) ойнау қабілетін дамыту. "Доп неге ұқсайды?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Ойынды ереже бойынша ойнауды, таңбалауыштарды жылдам жинауды үйрету.</p>	<p>Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> шеңбер бойымен тапсырмаларды орындай отырып жүру; әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен жүгіру; еденге қойылған тақтай бойымен еңбектеу; Бірінің артынан бірі сапқа тұру <u>Қимылды ойын:</u> Ақ доп, қызыл доп <u>Спорттық жаттығулар:</u> Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу. Спорт залда</p>	<p>Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> тура жолмен жүру; шеңбер бойымен жүгіру; еденге қойылған арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр) еңбектеу; бір-бірінің жанына сапқа тұру <u>Қимылды ойын:</u> Поезд</p>
	<p>Видео материал көру Денсаулық дегеніміз не? «тазалық деген</p>	<p>Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну. «Кірқоймас»</p>	<p>«Менің бөлмем» тақырыбында әңгімелесу. Үйде</p>	<p>Денсаулыққа пайдалы дәрумендерді</p>	<p>Тапсырмалары бар қораптарды көрсету. Ойнап көреміз бе?</p>

	<p>не?» сұрағына балалардың жауап беруін жетілдіру. Ересектердің сөзін тыңдау және түсінуін жетілдіру (сөйлеуді дамыту)</p> <p>салынған тазалық құралдары, сүлгі, тарақ, тіс щеткасының түстерін дұрыс таңдап бояу. (Сурет салу)</p> <p>Құрылыс заттарынан жуынатын бөлме құрастыру (Құрастыру)</p>	<p>мультфильмін тамашалау. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p>	<p>қандай тазалық жұмыстарын жасайды. Сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдануды үйрету (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Фланелеграф тақтасына үйдің тазалығына қолданатын заттарды тауып жапсырту. (Жапсыру)</p>	<p>қайдан алуға болады? Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруді дамыту. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Дәруменге бай көкөністердің суретін таңдауы бойынша салдырту (Сурет салу)</p>	<p>деп «артығын тап» айдарында тапсырмаларды орындату. Тазалық құралдары жеке басқа, үйге арналған суреттері арқылы жеке жұмыстарды орындату. (математика негіздері)</p> <p>дәстүрден тыс сурет салу негізінде (саусақтарымен және алақандарымен, түрлі-түсті бояулармен) таңбалап салу дағдыларын қалыптастыру. Еркін тақырыпта шығармашылық жұмыс жасату (Сурет салу)</p>
Серуенге дайындық	<p>Балалардың ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде тӘлиыштан ұстау) қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру</p> <p>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p>				
	<p>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғата маусымдық</p>	<p>Аулада өсіп тұрған шырша мен басқа ағаштарға назар аударту. Туған өлкенің кейбір</p>	<p>Күн тәртібімен таныстыру арқылы тәулік бөліктерін тану және атату -</p>	<p>Балабақша ауласында өсетін ағаштардың денсаулыққа қандай</p>	<p>Табиғи материалдардан орманға барар жол жасауды үйрету.</p>

	<p>құбылыстарын бақылату күнтізбесінде жылдың күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілету.</p> <p>(Қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Тазалықтың досы</p> <p>Тақпағын жаттау.</p> <p>Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолың жу. Жуынсаң сен әрдайым, Аппақ бетің, маңдайың. Тазалықтың досы - Су дегенің осы.</p> <p>(көркем әдебиет)</p> <p>Балалардың дербес әрекетін дамытатын «Өзара айырмашылығын тап» қимылды ойынын ойнату</p>	<p>өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру.</p> <p>(Қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Құстарды ауызша санау. Үлкен кіші екенін салыстыру. Алыста жақында сөздерінің мағынасын түсіндіру. Құс ұяларын салыстыру ды ұйымдастыру.</p> <p>(математика негіздері)</p> <p>Қимылды ойын: «Үйдің есігін жабайық»</p>	<p>таңертең, күндіз, кеш, түн.</p> <p>(математика негіздері)</p> <p>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Балабақшаға жақын маңдағы үй жануарларын тамашалату.</p> <p>(Қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Балалардың дербес әрекеті дамыту, еркін ойындары</p>	<p>пайдасы бар екенін түсіндіру.</p> <p>Ағаштарға күтімді қалай жасау керектігі туралы әңгімелесу</p> <p>(Қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Балалардың дербес әрекеті.</p> <p>Қимылды ойын: «Поезд»</p> <p>Құрастыру ойыншықтарынан қарапайым құрылыстар құрстырту.</p> <p>(құрастыру)</p>	<p>(Құрастыру)</p> <p>«Спорт денсаулық кепілі» екенін түсіндіру. Спорттық ойындар ойнату.</p> <p>Балалардың дербес әрекеті.</p> <p>Қимылды ойын: «Сақина жасыру»</p>
Серуеннен оралу	<p>Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта қиетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).</p>				
Түскі ас	<p>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану</p> <p>Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)</p>				

	Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Қазақ халық ертегілерін және т.б ертегілерді оқып беру (көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				
Бесін ас	Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар) . Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топтағы тарақтарды ұзындығы мен ені бойынша салыстыру. «Артығын тап» дидактикалық ойынын ойнату. (математика негіздері)	Балаларды қалауы бойынша орталықтарға бөлу. Қалауы бойынша геометриялық пішіндер арқылы құстардың суреттерін салдырту, тұзды қамырды пайдаланып құс мүсінін жасату.	Әр түрлі құрылыс заттарын пайдаланып, балалардың қалауы бойынша әр түрлі құрылымдар жасауды үйрету (Құрастыру)	Құлпынай мен қарақатты және т.б жидектерді салысыру. Үлкен кіші сөздерін пайдалануды пысықтау. Бөліп себеттерге салғызу. «Артығын тап» дидактикалық ойыны.	Суреттер бойынша әңгімелеу, байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту. Жаттаған тақпақтарын еске түсіріп айту. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)
	Сабынның мүсінін жасату. (Мүсіндеу)	Фланелеграф тақтасына әр түрлі пішіндерден құстарды жапсырту. (Сурет салу)	Тазалық құралдарының суретін салып, ермексаздан мүсінін жасату. (Сурет салу)	«Артығын тап» дидактикалық ойыны. Карточкалардан бірдей жидектен артық жидекті	Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру. (Қоршаған ортамен)
	Жуынатын бөлме	(Мүсіндеу)	(Сурет салу)		

	суретіне сүлгі сабын тіс шеткесін, тарақты жапсыртуды пысықтау. (Жапсыру)	(Жапсыру)	(Мүсіндеу)	тапқызу. (математика негіздері) қарапайым біріктіру білігін жетілдірумен. жидектерді мүсіндету, жапсырту (Мүсіндеу) (Жапсыру)	таныстыру) ермаксандан апта бойы жасаған жұмыстың ішінен ұнағанын жасату немесе тақтаға жапсырту дағыдысын жетілдіру. (Мүсіндеу) (Жапсыру)
Балалармен жеке жұмыс	Жеке бас гигиенасының бастапқы дағдыларын Мансұр, Амалбек, Сұңғат, Айсұлтанға үйрету	Дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстай алуға Есфирь, Айқын, Алинұр, Мансұрға үйрету	Көлік құралдарын атай білуге Мұхаммеджан, Әли, Дияр Мансұрға үйрету	Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға Рамазан, Адина, Абдірахман Мансұрға үйрету	Қағаз бетін бағдарлай білуді Мансұр, Мирас, Айғаным, Аслыға үйрету
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Балаларға қалауы бойынша аулаға ойыншықтарды алып, шығуына мүмкіндік беру. Еркін ойындар Қ/о: Қоян мен қасқыр	Құрастыру ойыншықтарынан қарапайым құрылыстар құрстырғызу. (құрастыру) Қ/о: Тырналар-тырналар	Ауладағы тазалықты сақтау ережелерімен таныстыруды жалғастыру. Қ/о: Тышқандар мен мысық	Көңілді музыкамен би қимылдарын жасауды жетілдіру. (музыка) Доппен ойындар. Қ/о: «Күміс алу»	Қандай көкөніс пен жеместерді білетінін сұрау. Қ/о: «Не жедің, тауып айт»
Балалардың үйге қайтуы	Балалармен тазалық туралы әңгімелесу. Үйде баламен артығын тап ойынын ойнауды ұсыну. Апта бойы жасалған жұмыстар бойынша ақпарат беру.				

Циклограмманы толтырған тәрбиеші: _____

Тексерілген күні: 04.11.2022

Циклограмманы тексерген әдіскер: _____

Тексерілді: МЖ -

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қараша айы 2022 жыл 3 апта

Мектепке дейінгі ұйым: «_____» балабақшасы
«_____»:Топ

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 14.11.2022	Сейсенбі 15.11.2022	Сәрсенбі 16.11.2022	Бейсенбі 17.11.2022	Жұма 18.11.2022
Балаларды қабылдау	Балалардың көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Арнай әр балаға сәлемдесу әдісін таңдау. Тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді қалыптастыру. Балабақшаға келер жолда не көргенін, далада ауа райы қандай болып тұрғанын сұрау. (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларды қабылдау кезінде ата-аналармен баланың жас ерекшелігіне қарай сөздік қорының қалыптасуы туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты алып, атын атау), «Ғажайып сандық», «Үйшігін тап» Өнер орталығында сурет салғызу, суретті кітапшаларды бояту, Құрастыру материалдарымен ойындар, кітаптарды қарату, Табиғат бұрышындағы еңбекке араласуға тарту. Балармен жеке жұмыс.				
Таңертенгі жаттығу	Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығуларын жасату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабыны дұрыс қолдану дағдысын қалыптастыру. Өз сүлгісін тауып, сүртіну. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.				

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Таңғы жиын. «Бес саусақ» өлеңі Бас бармағым – атам, үйдің данасы Балан үйрек - әжем, ошақ анасы Орған терек - әкем, отау панасы Шылдыр шүмек – шешем, шаңырақ ажары Титтей бөбек – мен, бәрінің базары (көркем әдебиет) «ойыншықтар» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</p>	<p>Қазақ тілі Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас») айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру</p>	<p>Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> арқан бойымен жүру; бірқалыпты, аяқтың ұшымен жүгіру; 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір- біріне домалату; құрсаудан құрсауға секіру <u>Қимылды ойын:</u> Сақина жасыру</p>	<p>Музыка "Қоңыр аю қорбаңбай". Мақсат-міндеттері. Балалардың жаңа әнге қызығушылықтарын арттыру; әннің сөздік мазмұнын жатқа айтуды үйрету; музыка жетекшісімен ілесе ән айту қабілеті мен ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; әнді орындау кезінде дұрыс тыныс алу техникасына жаттықтыру; ырғақтық қимылдар мен би элементтерін музыкамен сәйкестендіре жасауға үйрету. "Қорқақ қоян"</p>	<p>Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> шеңбер бойымен тапсырмаларды орындай отырып жүру; сапта бір-бірден допты заттардың арасымен домалату; заттарды айналып және заттардың арасымен секіру. <u>Қимылды ойын:</u> Шыбыққа қалпақ кигізу <u>Спорттық жаттығулар:</u> Велосипед тебу. Үш дөңгелекті</p>	<p>Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> арқан бойымен жүру; сапта бір-бірден жүгіру; құрсаудан құрсауға секіру; допты заттардың арасымен домалату; <u>Қимылды ойын:</u> Ақ доп, қызыл доп</p>

			ойыны. Мақсат-міндеттері. Педагогтің іс-әрекетін мұқият қайталау, әуенді және ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту.	велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу. Спорт залда	
Ойыншықтар қайдан келеді? Бізге ойыншықты көп сыйлайтын адамдар? сөздік қорын кеңейту, байланыстырып сөйлеуді үйрету. (сөйлеуді дамыту) Сылдырмақ Өзінше бір жыр жырлап, Отыр інім былдырлап. Әрі ойыншық, әрі аспап Қолында бар сылдырмақ. <i>К. Ыбрайұлы</i> Өлеңді оқып беру. Өлеңнің мағынасын түсіндіру. Бірге жаттау. (көркем әдебиет) Балаларды орталықтарға бөліп құрастыру және сурет	Көлік құралдары ойыншықтарымен таныстыру. Олардың өмірдегі қызметі туралы айту, қалай ойнауға болатынын көрсету. «Артығын тап» (әуе жер, су көліктер) бойынша карточкалармен жұмыс жасату (сөйлеуді дамыту) Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп көліктердің суретін салдырту, мүсінін жасату және қағазға жапсырту. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)	Балалардың қалауы бойынша топтағы қалаған ойыншығын алуына жағдай жасап ойнату Таңдаған ойыншығының (суретін салу және жапсыру, мүсіндеу) жұмыстарын орындату Үй жануарлары мен жабайы жануарлар ойыншықтарын тамашалау. Олардың кітаптарға бейнелерін табу. Өз ойларын айтқызу. (сөйлеуді дамыту)	«Менің қуаршағым» тақырыбында әңгімелесу. Үйдегі қуыршағын сипаттау, топтағы қуыршақтармен салыстыра сөйлеуді үйрету (сөйлеуді дамыту) Өзінің сүйікті қуыршағының киімін бояу немесе ермексаздан сөмке, әшекей заттар жасауды меңгерту (сурет салу, мүсіндеу).	«Ғажайып қоржын» ішінен бір ойыншықты ұстап сезу, бірақ көрмей атын атау. Топтағы ойыншықтарды сипаттауын ұйымдастыру. Қоржынана алған ойыншығы туралы не білетіндерін әңгімелету. Өздеріне ән немесе ертегі құрастыруына ықпал ету. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	

	<p>салу даңдыларын жетілдіру. карточкаларға қарап құрастыру материалдарынан ойыншықтар құрастырту. (құрастыру)</p> <p>Дәстүрден тыс әдіспен ойыншықтар бейнесін бояту (сурет салу)</p>				
